

«Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін жаңғырту аясында мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі нормативтік- құқықтық құжаттарды жаңарту» тақырыбында республикалық семинар



2016 жылдың 27 мамырында Астана қаласында өткен республикалық семинарға ҚР БҒМ Мектепке дейінгі және орта білім, ақпараттық технологиялар департаменті, Ақпараттық-талдау орталығы, «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы, Облыстық, Астана және Алматы қалалық білім басқармасының мамандары, мектепке дейінгі ұйым педагогтері – барлығы 55 адам қатысты.

Семинарда орталық мамандары мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын енгізу бойынша жұмыс қорытындысын талқылады



Сынақ алаңдарындағы педагогтар бағдарлама мазмұнын жүзеге асыруда инновациялық технологиялардың тиімді жолдарын ұсынды.



Семинарда ақпараттық-талдау жүйесі әрекетін негізгі басқару құралы-автоматтандырудың тиімділігі, жүйенің модульдері: қауіпсіздік, денсаулық, педагогика, электронды құжат айналымы, қызметкерлерді басқару, мектеп жасына дейінгі балалардың даму деңгейі мониторингін жүйеге енгізу тиімділігі жайлы жан - жақты ақпарат берілді.

«Алтын бесік» балабақшасында автоматтандыру жүйесі бойынша жүргізіліп жатқан жұмыс тәжірибесімен бөлісті.

